

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫНА!

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Тәрбие жұмысы және қосымша білім департаменті «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жоспарына сәйкес «Ұстаздар күні» мерекесіне орай өскелең ұрпақтың ұстаздарға деген құрметі мен сүйіспеншілігін арттыру мақсатында республикалық «Даналық ұстаздан» челленджі ұйымдастырылатындығын хабарлайды.

Челленджге «Ұстазым» әнін (әні А.Дүйсенов, сөзі Б.Шомбеков) орындау ұсынылады.


Челлендж барлық білім беру ұйымдарында бір уақытта басталады.

Өту мерзімі: 2024 жыл 3 қазан

Басталу уақыты: 12.00

Қосымша: 4 бет

Басшы



М.Сванов

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ҰСТАЗДАР КҮНІН АТАП ӨТУГЕ АРНАЛҒАН ҰСЫНЫМДАР

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысындағы сөйлеген сөзінде жасампаздық пен жаңашылдық құндылықтарына ерекше мән берді. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жоспарына сәйкес ұйымдастырылатын әлеуметтік жобалар, театрландырылған қойылымдар мен басқа да креативті бастамалар білім алушылардың бойында шығармашылық, мейірімділік, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету секілді адамдық қасиеттерді қалыптастыратын әрекеттерге бағытталған.

Елімізде дәстүрлі түрде жыл сайын 5 қазан **«Ұстаздар күні» мерекесін** атап өткізіледі.

Ұстаз – білім беруші ғана емес, қоғамдағы еңбекқорлық, жауапкершілік, мейірімділік, адалдық, әдептілік қасиеттерін қалыптастыратын көшбасшылар эталоны. Сондықтан барлық білім беру ұйымдарында **«Даналық ұстаздан»** челленджі өткізіледі.

«Даналық ұстаздан» челленджін ұйымдастыру бойынша ұсынымдар

Челлендж республика көлемінде **«Қалықта, әнім, «Ұстазым» деп!»** бастамасымен өткізіледі.

Челленджге **«Ұстазым»** әнін (әні А.Дүйсенов, сөзі Б.Шомбеков) орындау ұсынылады.

Челлендж барлық білім беру ұйымдарында бір уақытта басталады.

Мақсаты: білім алушылардың ұстазға деген құрметі мен сүйіспеншіліктерін арттыруға, еңбегін бағалауға үн қосу.

Өту мерзімі: 2024 жылғы 3 қазан

Басталу уақыты: 12:00

Қатысушылар: білім беру ұйымдары, білім алушылар

Өту орны: білім беру ұйымдары

Қатысушылар саны: білім беру ұйымдарының типтері мен түрлеріне, ерекшелігіне байланысты қатысушылар санын білім беру ұйымдарымен дербес айқындалады

Үйлестіруші: білім беру ұйымының басшысы, тәрбие жұмысы жөніндегі басшының орынбасары, музыка пәнінің мұғалімдері

Ескертпе: іс-шараның мазмұнын білім алушылардың жас және психологиялық ерекшеліктері сай білім беру ұйымдары дербес айқындайды.

Әлеуметтік желілерде жариялау: **#Біртұтас_тәрбие**
#Даналық_ұстаздан хештегімен жарияланады.